



Әл-Фараби  
атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №4 (1872) 6 АҚПАН 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

## Ұлыбританияда жоғары білімнің заманауи трендтері талқыланды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бастаған университет делегациясы Лондонда өткен ІХ Ұлыбритания – Қазақстан үкімет-аралық комиссия отырысына қатысты. Жиында екі ел жоғары білімінің заманауи трендтері мен басымдықтары талқыланды.



Әнуар Жанғозин және өзге де ЖОО өкілдері қатысты.

Шара барысында министр Саясат Нұрбек «Қазақстан жоғары білім беру жүйесін дамыту» тақырыбында баяндама жасады. Ведомство басшысы жоғары бі-

лім беру жүйесінің жай-күйі мен жетістіктеріне тоқталып, Мемлекет басшысы алға қойған басым міндеттерге назар аударды.

Өз кезегінде UK international universities директорының орынбасары Марк Кросси «Ұлыбри-

тания университеттері және олармен трансұлттық білім беру саласында табысты әріптестік қарым-қатынас орнату» тақырыбын қозғады.

Әйгерім ӘЛІМБЕК



Өзгерістер саяси жүйенің эволюциялық жолмен дамуына жол ашты

3-бет



Райгүл ДОСЖАН:

Қаныш атамыздың қыздарына ұқсап ғалым болдым

4-бет



Жұмысқа орналасудың жаңа мүмкіндіктері

5-бет

Webometrics Ranking of World Universities халықаралық рейтингінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлем бойынша 30 мыңнан астам жоғары оқу орындарының арасында 1816-орынға жайғасты. Сондай-ақ бұл рейтингте ҚазҰУ Қазақстан ЖОО-лары арасында екінші орынды иеленіп, отандық университет сайттарының үздік үштігіне енді.

## ҚазҰУ ауқымды рейтингте алдыңғы қатарда

Webometrics халықаралық рейтингі – бұл интернет-кеңістіктегі жоғары оқу орындарының тиімділігі туралы ақпаратты ұсынатын университеттердің ең ауқымды рейтингі.

Webometrics рейтингі жоғары оқу орындарының сайттарын танымалдылық, ашықтық, артықшылық, жарияланымдарға дәйексез жасау деңгейі сияқты параметрлер бойынша бағалайды.

Рейтинг сонымен қатар әлемнің үздік университеттерінің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін ғылыми мақалалардың дәйексез ин-



дексін индикаторы арқылы бағалайды.

Бұл рейтингтің қорытындысы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлемдік ғылыми кеңістіктегі және халықаралық білім беру ортасындағы белсенділігін растайды.

## Лондон университеті серіктестікті арттыруға дайын

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың Лондон университетінің Шығыстану және африкату мектебіне ресми сапары аясында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Ұлыбритания астанасында орналасқан жоғары оқу орнының кампусын аралағаннан кейін ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Лондон университеті Шығыстану және африкату мектебінің директоры Адам Хабибпен кездесіп, жылы қабылдағаны үшін



ризашылығын білдірді. ҚазҰУ-дың жеткен жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы баяндады.

«ҚазҰУ өзінің ғылыми және білім беру қызметін табысты жалғастыруда. Тек ұлттық ауқымда ғана емес, сонымен қатар ха-

лықаралық деңгейде зияткерлік әлеуетін көрсетуде. Университет ғалымдары отандық ғылымды дамытуға өз үлестерін қосуда. Оқу ордасында 100-ден астам инновациялық жоба дайындалды. Бүгінде оларды ілгерілету және коммерцияландыру бағы-

тында жұмыс жүргізілуде», – деді университет ректоры.

Өз кезегінде Адам Хабиб ҚазҰУ-дың жетістіктерін жоғары бағалап, Лондон университеті Шығыстану және африкату мектебі туралы ақпарат берді. Ұлыбританиядағы үздік 40 ЖОО қатарына кіретін университет ҚазҰУ-мен тығыз қарым-қатынаста болып, серіктестікті одан әрі арттыруға дайын екенін айтты.

Сонымен қатар ҚазҰУ басшысы Кингс колледжінде «Болашақ» және «500 ғалым» бағдарламасы бойынша оқып жатқан ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамының өкілдерімен кездесті.

Света  
ӨМІРФАЛИЕВА

# Британ білім ордаларымен келісімге қол қойылды



**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бастаған делегация Лондонға жұмыс сапары аясында Реддинг университетіне барды.**

Қазақстан делегациясын вице-канцлер, Реддинг университетінің профессоры Роберт Ван де Ноорт қарсы алып, университет қызметі және ондағы зерттеулердің негізгі бағыттары туралы баяндады. Сонымен қатар Жаһандық серіктестік бөлімінің басшысы Стив Томас интернационалдандыру, трансұлттық білім беру және жоғары оқу орындарымен серіктестік туралы ақпаратпен таныстырды.

Кездесу барысында тараптар білім мен ғылымды дамыту, ака-

демиялық ұтқырлық және жас ғалымдар мен оқытушыларды ғылыми зерттеулерге тарту жөнінде пікір алмасты. ҚазҰУ мен Ұлыбританияның жоғары оқу орындары арасында ынтымақтастық туралы 10 келісімге қол қойылғаны атап өтілді.

Шетелдік мамандарды тарту бағдарламасы аясында PhD докторанттарға дәрістер оқу және ғылыми жетекшілік ету үшін Ұлыбританиядан үш профессор шақырылды. ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану, химия және химиялық технология факультеттері Британдық кеңес және Реддинг университетімен бірлесіп Қазақстан экологиясы мәселелеріне қатысты халықаралық семинарлар өткізді.

Қазіргі таңда ҚазҰУ-да Брайтон және Реддинг университеттерімен «Гемоперфузияға арналған нанокұрылымды көміртекті адсорбенттер» атты ҚР БФМ (ҚР

ФЖБМ) қаржыландыратын бірлескен ғылыми жоба іске асырылуда. Реддинг университетінің профессоры Виталий Хуторянский – жоба жетекшілерінің бірі.

Сондай-ақ ҚазҰУ делегациясы Уорик университетінің қызметімен танысты. ЖОО профессоры, проректор Кристин Эннью 1965 жылы негізі қаланған оқу орны жайлы әңгімеледі. Ол мұндағы негізгі білім беру бағыттары туралы айтып, университеттің ғылыми әзірлемелерін коммерциаландырудың кейбір жоспарлары туралы мәлімет берді. Уорик университеті M5 Universities білім беру мекемелері тобының құрамына кіреді және Еуропалық университеттер қауымдастығының мүшесі болып табылады.

Кездесулер ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ұйымдастыруымен жүзеге асты.

**Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Лондонға жұмыс сапары аясында King's College London колледжінде оқитын ҚазҰУ докторанттарымен жүздесті.

## Ректор Лондондағы ҚазҰУ докторанттарының жағдайымен танысты



Әңгіме барысында биология және биотехнология факультетінің 3-курс докторанттары Б.Геиневская мен М.Ермағамбетова Норвич қаласындағы Джон Иннес орталығында өтіп жатқан оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы баяндады.

Айта кетсек, Лондон корольдік колледжі – Англиядағы ең ірі және беделді университеттердің бірі. Ол 1829 жылы құрылды және әлемдегі білім беру және ғылыми қызмет саласындағы жетекші университеттердің бірі ретінде танылды. Университет студенттер саны бойынша (33 мың) Ұлыбританияда 12-орында. Сонымен қатар кездесу ба-

рысында Жансейіт Түймебаев докторанттардың Кингс колледжіндегі оқу және тұрмыс жағдайларына қанықты.

Университет басшысы білім алушыларға арнаған сөзінде ҚазҰУ әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіне ене отырып, жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандар даярлап шығаруы тиіс екеніне назар аударды.

Бұл үшін жоғары оқу орны барлық жағдайлар мен мүмкіндіктерді жасап отыр. ҚазҰУ білім алушылары оны дұрыс пайдалануы және өз елінің өркендеуі үшін барлық күш-жігерін жұмсауы тиіс.

**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Farabi Business School түлектеріне MBA дәрежесіндегі дипломдар салтанатты түрде табысталды.

## Іскерлік мектеп түлектері диплом алды



Al-Farabi business school бизнес-білім беру бағдарламасы басқару және бизнес-консалтинг саласындағы қазақстандық және әлемдік тәжірибенің интеграциясын көрсетеді. Қазіргі заманғы сапалы білім – бұл кәсіби сараптама, мықты оқытушылар мен цифрлық технологиялар ғана емес, сонымен қатар оқыту бағдарламаларын әзірлеудің өзекті тәсілдері.

Farabi Business School-ға деген қызығушылық жыл санап артып келеді. Корпоративтік бағдарламалар есебінен «B to C» және «B to B» тыңдаушылары санының өсуі осының көрсеткіші. Сондықтан 2021-2022 жылдар аралығында білім алушылардың үлесі 110-нан 250-ге дейін өсті. Іскерлік мектептің ірі корпора-

тивтік серіктестері: KEGOC, ВТБ Банкі, Huawei, Halyk Bank мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор өкілдері.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Фатима Жақыпова бітірушілерге қоштасу тілегін білдірді. Біздің alma mater-дің мәртебесін көтере отырып, ҚазҰУ түлегі атағына ие болу корпоративтік әлемге есік ашып қана қоймай, сапалы орта беретінін атап өтті. Фатима Надырқызы магистранттарға мемлекеттік үлгідегі дипломдарды, сондай-ақ іскерлік мектебінің бірегей дизайны бар атаулы сертификаттарды салтанатты түрде табыс етті.

**Еңлік АҚЖІГІТ**

## Ғалымдарымыз Digital Almaty форумына қатысты

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары мен білім алушы жастары Алматыда өткен «Digital Almaty 2023: жаңа болмыстағы цифрлық әріптестік» атты халықаралық форумға қатысты.**

Инновациялық технологиялар индустриясын дамытудың заманауи жаһандық сын-қатерлерін талқылаған форумда әлемдік халықаралық сарапшылар, IT-қоғамдастық, мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдері бас қосып, тәжірибе алмасты.

Цифрландыру саласындағы шараға ҚазҰУ ғалымдары білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобаларды таныстырды. Алғашқы ұсынылған жоба – «Жетілдірілген IBOX-эмбебап виртуалды құрылғы агентінің платформасы». Жобаның негізгі мақсаты зертханалық және өнеркәсіптік жабдықтардың жұмысын бақылаудың отандық бағдарламалық-аппараттық кешенін әзірлеуге бағытталған.



Келесі ғылыми жоба «Туризмнің цифрлық контентін жаңғырту: мобильді қосымшалар, панорамалық 3D турлар, интерактивті карталар және QR кодтар». Аталған жобаның миссиясы – ішкі туризмді дамыту арқылы ел экономикасын әртараптандыру және Қазақстанның туристік бағыттары туралы ақпаратты шоғырландыру.

Ал «Al-Farabi сериялы университеттік наноспутниктерді әзірлеу және құру» жобасы бүгінге дейін Al-Farabi-1 және Al-Farabi-2 нано-

спутниктерін ұшырған жемісті жоба. Әлемдегі ең беделді университеттер мен коммерциялық ұйымдар осындай шағын ғарыш аппараттарын әзірлеу және құрумен айналысады. Жобаның негізгі мақсаты – наноспутниктерді әзірлеу саласында студенттердің білімі мен біліктілігін дамыту, командалық жұмыс, тайм-менеджмент сынды дағдыларды жетілдіру.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

# Өзгерістер саяси жүйенің эволюциялық жолмен дамуына жол ашты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламентке келіп, жаңа сайланған сенаторлардың алдында сөз сөйледі. Сенат отырысында елдегі түрлі саяси реформалар, алдағы Мәжіліс пен мәслихат сайлауы, ел бірлігі, ашық қоғам және тағы басқа өзекті мәселелерге тоқтала келе: «Әлемде бұрын-соңды болмаған күрделі геосаяси ахуал кезінде еліміздің тыныштығы мен ырыс-берекесін сақтау тек өзімізге, бірлігіміз бен ынтымағымызға байланысты. Тәуелсіздігімізді сақтау және оны нығайту аса маңызды міндет екенін тағы да еске саламын. Бұл – халқымыздың басты құндылығы», – деп түйіндеуі күн тәртібінде ел тыныштығын алдыңғы сапқа қою қажет екенін ұқтырды. Осыған орай, «Qazaq universiteti» газеті оқырмандарға ҚазҰУ сарапшыларының ой-пікірін ұсынады.

## ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ САҚТАУҒА МІНДЕТІМІЗ

**Нәбижан МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ**  
Т.ғ.д., профессор

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Сенатының отырысында сөйлеген сөзінде аса маңызды мәселе – ұлттық құндылық пен азаматтық парызды қайталай анықтауының маңызы өте зор деп санаймын. Өйткені қазіргі таңдағы күрделі халықаралық геосаяси жағдайда ел тәуелсіздігін сақтау және нығайту басты міндетке айналып отырғаны белгілі. Сондықтан Президент «Тәуелсіздікті сақтау және оны нығайту – халқымыздың басты құндылығы» деп атап отыр. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Кемелұлы «Мемлекетті нығайтып, қоғамның бірлігін арттыру үшін қолдан келгеннің бәрін жасауымыз керек» дейді.

Елімізде жүріп жатқан конструктивті реформалар өз нәтижесін бере бастады. Саяси партиялар көбейіп, сөз бостандығы кеңейе түсті. Азаматтарда әртүрлі саяси көзқарастар мен ұстанымдар болуы заңды. Алайда барлығы ортақ құндылықты сақтауға міндетті. «Ортақ құндылығымыз



– қастерлі тәуелсіздігіміз, мемлекетшілдік қасиет бәрінен биік тұруға тиіс», – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Мақсат анық болмай, іс оңға баспайды. Мемлекет басшысы «Біздің мақсатымыз – Қазақстанды тұғыры биік, экономикасы қуатты, рухы асқақ, бірлігі кемел мемлекет ретінде ұрпаққа табыстау» дейді. Бұл сөз жайдан-жай айтылмаса керек-ті. Мен мұны қазіргі күрделі кезеңге орай, осындай міндеттер жүктеп отыр деп түсінемін. Ұлттық құндылығымыз үшін қызмет ету әрбір қазақстандық азаматтардың парызы деп санаймын.

## ДЕМОКРАТИЯҒА НЫҚ ҚАДАМ

**Нұртөліп ШАРЫПҚАЗЫ,**  
шығыстану факультетінің  
аға оқытушысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сенаторлардың алдында сөз сөйлеп, қоғамдағы өзекті өзгерістерге, мәселелерге тоқталды. Мәселен, Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауын өткізуге қатысты ойын ортаға салды.

Қазақстан соңғы 30 жылдан астам уақыт ішінде көптеген даму кезеңдері мен саяси реформаларды бастан кешірді. Осы тарихи дамудың тізбегінде саяси-демократиялық жүйе құруға және ашық та еркін қоғам қалыптастыруға қадам жасалып жатыр. Сондықтан мұны мен өте жауапты кезең дер едім. Бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа, әділетті Қазақстан құру бастамасы негізінде қолға алынады.

Мәжіліс пен мәслихат сайлауындағы құрылымдық өзгерістер, талаптар демократиялық құндылықтардың толық сақталып, әділетті сайлау өтуіне барлық мүмкіндіктер жасайды деген сенімдемеміз. Осы негізде ел мен жер тағдырына жанашыр мемлекетшіл азаматтар, білімді жастар Парламентте депутаттық мандатқа ие болса, билік пен халық арасында алтын көпір рөлін атқарар еді. Елдегі қордаланған мәселелердің әділ шешілуіне, мемлекеттің бейбіт, өркениетті жолмен дамуына, ішкі және сыртқы сын-қатерлерге төтеп беруге лайық заң шығаратынына сенеміз.



Елдің еркін, бейбіт дамуы, Мемлекет басшысының бастамасымен әділетті Қазақстанға аяқ басуымыз – бұл демократиялық құндылықтардың қоғамда берік орнап, демократиялық институттардың мемлекетте ашық жұмыс жасауына байланысты. Елдегі саяси реформалар осы игі істердің бастауы, негізі деген ойдамын.

## ЕЛ МЕН ЖЕР ТАҒДЫРЫНА ЖАУАПТЫМЫЗ

**Ләйла ҚҰДРЕЕВА,**  
химия және химиялық  
технология факультеті  
деканының орынбасары

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Сенатының отырысында сөз сөйлеп, еліміздің өзгерістерге толы жаңа қоғамға аяқ басқанына ерекше тоқталды. Президент өз сөзінде: «Басты мақсатымыздың бірі – қоғамда өркениетті саяси дәстүрді орнықтыру. Ол үшін жоғары саяси жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруымыз керек. Онсыз тұрақты әрі жан-жақты даму мүмкін емес. Референдумда халықтың қолдауына ие болған конституциялық реформаны жаңа саяси дәуірдің бастауы деуге болады. Бұл өзгерістер еліміздің саяси жүйесін эволюциялық жолмен дамытуға жол ашты. Әділдік, ашықтық және шынайы бәсеке реформалардың негізгі арқауына айналды», – деді.

Шынында да, елімізде жүріп жатқан саяси реформалар тектен-тек қолға алынып жатқан жоқ. Біріншіден, бұл заман талабы болса, екіншіден, ел мен жердің жарқын болашағы үшін жасалып жатқан игі қадам. Өткен жылдың күзінде біз, қазақстандықтар, Президентімізді сайлап алдық, одан кейін жуырда Сенат депутаттарының бір бөлігі тағайындалды, енді алдымызда Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлау науқаны тұр. Әрине, біз реформа нәтижесін бірден көргіміз келеді. Әйтсе де оған уақыт



керек. Қоғам мүшелері осыны түсінуге тиіс.

Біз өз еліміздің, өз жеріміздің тағдырына жауаптымыз. Осыны өркім түсінуі шарт. Сондықтан осындай күрделі, алмағайып заманда бір-бірімізді қолдап, берекелі өмір сүруге ұмтылғанымыз абзал. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы үнемі айтып жүреді. Осы жолы Сенаттағы сөзінде де: «Кез келген саяси мүддеге қарағанда мемлекетшілдік қасиет әлдеқайда биік тұруға тиіс. Қоғамға ең алдымен әрбір сөзіне және ісіне жауапкершілікпен қарайтын саясаткерлер қажет. Сонда азаматтардың елдік саясатқа деген сенімі артады. Ал сенім – бұл аса маңызды құндылық», – деді. Бізге сырттан ешкім келіп жақсылық жасамайды. Дамыған, өркениетті елде өмір сүргіміз келе ме, сондай әділ, ашық, еркін қоғамды өзіміз құруымыз керек. Ол үшін өркім өз жұмысын тиянақты, адал, жауапкершілікпен атқарса, қоғамның дамуына қосқан үлесіміз сол болмақ.

## БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ ТІРЛІК БОЛАДЫ

**Әлмира ЫСҚАҚОВА,**  
Дене тәрбиесі және спорт  
кафедрасының меңгерушісі,  
п.ғ.к., доцент

Президентіміз Қ.Тоқаев Парламент Сенатының отырысында еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басқанын тағы да қадап айтты. Мемлекет басшысы жоғары палата депутаттарының бір бөлігі сайланғанына және өзінің жарлығымен бірнеше сенатор тағайындалғанына тоқталды. Олардың арасында әр аймақтың, соның ішінде жаңадан құрылған облыстардың өкілдері де бар. Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелеріне арнайы квота берілген. Осылайша Сенат түрлі санаттағы қоғам өкілдерін барынша қамтыды.

Мемлекет басшысы алдағы Мәжіліс депутаттарының сайлауына тоқтала келе, сайлаудың елді бөлетін емес, біріктіретін науқан болуы керек екенін атап өтті. Үміткерлерді қоғамға іріткі салатын әрекеттен аулақ болуға шақырды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев «Әртүрлі көзқарас, біртұтас ұлт» қағидаты өміршеңдігін атап өтіп, сынның негізсіз болмауы тиіс екенін және оның нақты фактілерге сүйенуі қажеттігін айтты. «Елімізде саяси радикализм мен экстремизмнің



кез келген түріне орын жоқ. Демократия – бұл ең алдымен өз сөзің мен ісіңе жауапкершілікпен қарау. Бәріміз бір шаңырақ астында өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан әрбір азамат, кез келген қоғам қайраткері, барша саяси күш ел болашағы үшін өзінің тікелей жауапкершілігін сезінуі қажет. Барлық отандасыма айтарым: әлемде бұрын-соңды болмаған күрделі геосаяси ахуал кезінде еліміздің тыныштығы мен ырыс-берекесін сақтау тек өзімізге, бірлігіміз бен ынтымағымызға байланысты», – деді Мемлекет басшысы.

Президентіміз Қ.Тоқаевтың пікірін университет оқытушысы ретінде толық қолдаймын. Біз білім беріп отырған студенттеріміздің саяси сауатты болуына атсалысамыз.



**ЖАҢА**  
**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ**  
**ЗАМАНАУИ**  
**МӘДЕНИЕТ**

**Әлім МЫЛҚАЙДАРОВ,**  
География, жерге  
орналастыру және кадастр  
кафедрасы, г.ғ.к.

Президентіміз жаңа сайланған Сенат отырысында «Басты мақсатымыздың бірі – қоғамда өркениетті саяси дәстүрді орнықтыру. Ол үшін жоғары саяси жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруымыз керек. Онсыз тұрақты әрі жан-жақты даму мүмкін емес» деуінің өзі халықты сауатты саяси мәдениетке шақырып отыр.

Президентіміз Қ.Тоқаев жаңа сайланған Сенат отырысында елімізде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты орныға түсті, ендігі кезекте халықтың үніне құлақ асатын ықпалды Парламентте, яғни Сенат пен Мәжілісте саяси сауатты депутаттар отыруы керек екенін ескертті.

Қазіргі қазақстандық қоғам мәдениеті жалпылай алғанда деструктивті жағдайда сипатталады. Деструктивті жағдай ереже бойынша көзқарас, іс-әрекет, төзімсіздік, агрессивтілік, зорлық-зомбылықтың пайда болуымен анықталады. Осы негізде әлеуметтік үдерістерде қызығушылық қақтығысы, әлеуметтік әділетсіздік, әртүрлі мәдени келіспеушілік, адамдардың тұлғалық жетілмеуі, дөрекілік, психологиялық теңсіздік, фанатизм, саяси тұрақсыздық және т.б. секілді мәселелер себеп болып отыр. Бұл өз кезегінде адамдардың сұранысы мен қажеттілігінің, қызығушылығының өркениеттікке жатпайтын формасы, мүмкін субъектілердің міндеті негізінде өздері шешетін мәселелерге әрекетсіздік пен неміқұрайдылығы. Сонымен қатар әлеуметтік жүйенің бұзылуы мен тәртіпсіздігі және де белгілі саяси, экономикалық, әскери қозғалыстың шешуге міндетті технологиясын нашарлатады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз жаңа саяси мәдениет қалыптастырып жатырмыз. Түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт. Өзгенің пікірін құрметтеп, диалог жүргізу арқылы ғана еліміз ілгері жылжиды», – деп мәлімдеген болатын. Қоғамның тұрақтылығы мен оның дамуы ең алдымен мемлекеттегі билік жүйелерін реттейтін саяси жүйеге, саяси мәдениетке негізделеді. Алдағы Парламент сайлауында Мәжіліске үміткерлер бір-бірін жамандап ұлай жинамай, бір-бірінің пікірін құрметтеп, сындарлы диалог жүргізу арқылы сайлауға түсу әр үміткерге сын және саяси мәдениетін көрсететін уақыт.

Райгүл ДОСЖАН:

# Қаныш атамыздың қыздарына ұқсап ғалым болдым

Райгүл Досжан кішкентай кезінен сабақ беріп, мұғалім болуды армандайтын. Мектепте математиканы жақсы оқып, оқу озаты атанды. Олимпиадаларға қатысып, белсенділік танытатын. 5-6 сыныпта оқып жүргенінде математика пәнінің мұғалімі Сүйімқан апайы жоғары сынып оқушыларының сабағына шақырып сабақ бергізетін. «Содан аудитория алдында сөйлеп тұратыным көз алдыма елестеп, қиялға берілетінмін. Жоғары сыныпта қаржыгер мамандығына деген ниетім оянып, Narхоз университетіне түстім. Оқу орнын үздік бітірген соң, ұстаздарымның шақыруымен сол оқу орнында ассистент болып еңбек жолымды бастадым. Ұстаздардың, белді ғалымдардың ортасында жүріп ғалым болуды мақсат еттім», – дейді жас ғалым Райгүл Досжан.



Ауылда оқып жүріп, 5-сыныпта қалаға, жазғы каникулға келгенінде анасы, танымал қаламгер Сәуле Досжан екі сіндісімен бірге Райгүлді ҚазҰТУ-ға, атақты Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдық мерейтойына орай, ескерткіштің ашылуына алып барды. Сол кезде Қаныш атамыздың үш қызын дүйім жұрт алдына шығарып таныстырады. Үш әпкеміз де ғылымда өз жолын тапқан мықты маман екен. «Сонда анам: «Сендер де халық үшін еңбек еткен жазушы әкелеріңнің 100 жылдық мерейтойында Қаныш атамыздың қыздарындай ғалым ретінде танылып, Дүкенбай Досжанның абыройын арттырыңдар. Қаныш атамыздың жақсылығы жұғысты болсын», – деп батасын берген еді. Сол бата қабыл болды ма, сіндім екеуіміз: біреуіміз экономика, екіншіміз медицина ғылымының докторы атандық. Кенже сіндім де ғылым тізгінін ұстайды деген үміт бар. Кейде сол жағдайды апалы-сінділі үшеуіміз анамызбен отырғанда еске алып күлеміз», – деп ағынан жарылады Райгүл Дүкенбайқызы.

Жалпы, Райгүлдің ғылыми қызығушылығы кәсіпорын менеджменті, инновациялық менеджмент, тұрақты даму мәселелері, кәсіпорындарда менеджмент тәуекелін енгізу және жобаларды басқару ісімен байланысты.

Ол осы уақытқа дейін бірнеше ғылыми жобаларға қатысты. 2020 жылы тапсырған жобасымен жас ғалымдарға арналған грантты ұтты. Жоба «Тұрақты даму инновацияларының экономикалық тиімділігі және Қазақстан Республикасында кәсіпорынды тиімді басқару тұрғысынан зерттеу» деп аталады. Зерттеу объектісі ретінде елдегі кәсіпорындардың инновациялық менеджментінің тұрақты даму үлгілерін қарастырды. Жұмыстың мақсаты – тұрақтылыққа не-

гізделген инновацияларды (sustainability-led innovation) олардың экономикалық негіздемесі тұрғысынан зерттеу және Қазақстандағы кәсіпорындарды тиімді басқару. Тұрақты даму инновацияларының экономикалық негізі қайда жатыр, сондай-ақ тиімді кәсіпорын менеджментін қалай құруға болады деген зерттеу сұрақтарын алға қойды.

Ғылыми жұмыс нәтижелері ретінде шетелдердегі тұрақты инновацияларды басқару тәжірибесін талдау негізінде Қазақстанда тұрақты инновацияны дамытудың негізгі кедергілерін анықтап, қазақстандық компаниялардағы тұрақты инновация менеджментінің сегіз кейсін жасады. Олардағы тұрақты инновацияларды басқарудың арнайы үлгісі әзірленіп, кейстерді қолдану бойынша методикалық нұсқаулық дайындалды. Жобаға қатысқан топпен халықаралық ғалымдар, компания өкілдерінің қатысуымен екі дөңгелек үстел, бір мастер-класс және халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырылды.

«Өзімді кемел ғалым деңгейіне жеттім деп айта алмаймын, ізденіс жолындамын. Меніңше, ғалым еңбексүйгіш, ізденімпаз, креативті, сыни ойлай алатын адам болу керек. Қай мамандықтың тізгінін ұстасаң да, еңбексүйгіш болмасаң мақсатыңа жетпейсің. Сол сияқты ғылымда да қажырлы еңбектің арқасында ғана дегеніңе жетесің. Жақсы мақала жазу үшін кем дегенде 20 ғылыми әдебиетке шолу жасау керек болса, ауқымды ғылыми зерттеу үшін 100-ден астам ғылыми еңбекпен танысып, мақсат-мүддесі бір мықты ғалымдар тобын құрып, жүйелі жұмыс істеу арқылы ғана нәтижеге жетуге болады. Ізденіп, тың тақырыптарға барып, зерттеудің жаңа әдіс-тәсілдерімен танысу, креативті ойлау, сыни ойлау –

ғалымды үздіксіз жетілдіретін факторлар деп санаймын», – деген ойымен бөлісті Райгүл Досжан екеуара әңгімеде.

Жас ғалым 1999 жылы Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетіне (Narхоз) түсіп, оны 2003 жылы аяқтады. 2006 жылы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде «Аударма ісі» мамандығын оқып, білім алды. Одан кейін Еуразиялық нарық институтында «Қаржы» мамандығы бойынша магистр дәрежесін алғаннан соң, ҚазҰУ-ға докторантураға түсті. 2015 жылы «Шағын және орта кәсіпкерліктегі жобалардың тәуекелдерін басқару» тақырыбында «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша докторлық диссертациясын қорғап, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алды. Өткен жылы экономика мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын иемденді.

2009 жылдан бері университеттің Экономика және бизнес жоғары мектебі Қаржы және есеп кафедрасында қызмет атқарып келеді.

Райгүл Дүкенбайқызы кафедра меңгерушісінің ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыс бойынша орынбасары қызметін атқарды. Ол кафедраның ғылым және халықаралық байланыс ісінде әрқашан белсенді болуға тырысады. Оған ғылыми-тәжірибелік конференциялар, дөңгелек үстел, студенттік пікірсайыс ұйымдастыру ұнайды. Өткен жылы студенттерге атаулы шәкіртақы тағайындау бастамасын қолға алды. Білім алушыларға тарихи тағылым, ұлттық тәрбие беру мақсатында үнемі беделді ақын-жазушылармен кездесу, ғалымдардың көшбасшылық дәрісін ұйымдастыруды жақсы көреді. Бұл да екіншісіне бұйырмаған қасиет.

Әрдайым біліктілікті арттыру үшін ғылыми-әдістемелік семинарлар мен конференцияларға қатысып жүреді. Экзетер университетінде (Экзетер қ., Ұлыбритания), Кастилла ла манш университетінде (Сюдад Реал қ., Испания), Шопрон университетінде (Шопрон қ., Венгрия), Падуа университетінде (Падуа қ., Италия), Айдын университетінде (Ыстамбұл қ., Түркия), тағылымдамадан өтті. Сондай-ақ Малайзия, Польша, Ұлыбритания, Венгрия, БАӘ, АҚШ елдеріндегі халықаралық конференцияларға қатысты.

2017 жылы ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы ретінде танылды. Университеттің 80 жылдығына орай, білім ордасының дамуына қосқан үлесі үшін мерейтойлық төсбелгімен марапатталды. 2018 жылы Clean Tech «Таза технологиялар – қоршаған ортаны қорғау, инновациялар және басқару жүйелерінің технологиялары өңірлік және жергілікті экономикалық даму құралы ретінде» (Реховот, Израиль) атты халықаралық тренингіне грант жеңіп алды. 2018-19 жылдары «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында қазақ тіліндегі «100 кітап» жобасына қатысты («Personal Finance» оқулығы, ғылыми редактор, «Economics», аудармашы). ERASMUS+ жобасы бойынша 598506-EPP-1-2018-1-PT-EP-РКА2-CBHE-JP Engineering Educators Pedagogical Training (ENTER) «Тұрақты даму» тақырыбында дәріс жүргізді.

Жалпы, мақалалар (Scopus деректер базасы, импакт факторы жоғары журналдарда, BFM БФСБК басылымдарында, конференцияларда) мен оқу құралдары, монографияларды қоса алғанда, 80-нен астам жарияланым авторы, Хирш индексі – 7 (Scopus).

«Ғылым саласында қол жеткізген кішігірім жетістігім болса, ол ұстаздарымның арқасы. Сондықтан ұстаздарыма әрқашан алғысымды білдіріп жүремін. Б.Ермекбаева, Р.Сағиева, Э.Ыдырысова, А.Құлсариева апайларды, академик С.Сатыбалдин, О.Сәбденұлы, С.Мақыш ағайларды атап өтер едім. Аталған ғалымдардың бірі мамандығым бойынша бағыт-бағдар берсе, басқалары жалпы оқытушы-ғалым болмысы мен адами қасиеттерін ұстастырып, маған үлгі болған тұлғалар. Бақилық болған Саябек Тәттібекұлының ғылымға жетелеп, білгенін үйреткенін ешқашан ұмытпаймын», – дейді Райгүл Досжан.

Ал біз өз тарапымыздан Райгүл Дүкенбайқызына ғылым жолында тынымсыз ізденіс пен биік белес тілейміз.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Қазақ ұлттық университеті филология факультеті «Әдебиеттану» мамандығының 1-курс студенттері Абай ілімі пәнінің оқытушысы Гүлжан Ыбырайқызының ұйымдастыруымен «Абай ілімі» пәні бойынша «Абай ілімінің құрамдас бөлімі: ақыл, қайрат, жүрек» атты пәнаралық ашық тәрбие сағатын өткізді.

## Тәрбие сағаты Абай іліміне арналды



Ашық сабақтың мақсаты – білімгерлердің Абай ілімімен сусындап, рухани бай, танымдық өрісін кеңейтуге мүмкіндік жасау. Сабақ барысында студенттер білім мен өнерді ұстастыра отырып, өздерінің сегіз қырлы, бір сырлы екенін барынша танытты. Сергіту сәтінде «Желсіз түнде жарық ай» әні топтың қатысуымен орындалды. Алғашқы сөз кезегі абайтанушы-ғалым, доцент Ләйлә Жұматайқызына беріліп, ол өз сөзінде Абайдың рухани өлеміне, кеңістігіне тоқталып, студенттерге сәттілік тіледі. Абай ілімінің құрамдас бөліктері бойынша топ студенттері Ғаниза Бөкенбай, Нұргүл Әжімбетова, Оралбек Нұрмұхаммед ақыл, қайрат, жүрек сипаттамаларын жан-жақты ашып, арнайы тоқталып өтті.

Ашық сабаққа «Түркітану» мамандығының студенттері де белсене қатысып, «Абайдың кісілік кодексін» жатқа айтып, келген қонақтарды сүйсінтті. Бұл сабақта ән де, күй де, қара өлең де болды. Перизат Балғамбаева, Нұрмұхаммед Оралбек, Айсұлу Орынбасар күмбірлеген қазақтың қара домбырасымен күй тартса, Фарид Рашид, Таңнұр Жеңіс, Радомира Айтасқызы, Темірлан Азат, Нұргелді Әсіпбай Абай атамыздың қара сөздері мен өлеңдерін ерекше тебіреніспен, ыстық махаббатпен орындап шықты. Сонымен қатар Ақтілек Қасен, Айгерім Қасымхан қоңыр дауыспен Абай әндерін орындап, көптің көңілінен орын алды.

Таңнұр Қуаныш пен Бибінуәр Асланбек тешараны барынша қызықты өткізіп, жүргізушілік қырларынан танылды. Сабақ барысында Абай ілімі бағыты бойынша интеллектуалды ойын ойнатылып, студенттер таным көкжиегін кеңейте түсті.

Ашық әңгіме сағатына қатысқан ұстаздар Жолдас Мәмбетов, Ерхан Қарбозов, Бибігүл Дәулетқызы өз пікірлерін айтып, ұйымдастырушыларға ерекше бағасын берді. Жас әдебиеттанушылардан болашақ зерттеуші, ақын, жазушы шығатынына сенетіндерін айтып, үлкен қолдау білдірді. Сабақ соңында «Көзімнің қарасы» әні шырқалып, Гүлжан Ыбырайқызы барлық студенттерге Абайдың қара сөздері және даналық сөздері жинақталған кітапты, арнайы дайындалған «Абайдың кісілік кодексі» жадынамасын естелікке сыйға тартты. Тағылымға толы, әсерлі әдебиеттанымдық кеш болды.

Шоқан ШОРТАНБАЙ, топ куратор-эдвайзері



# Жұмысқа орналасудың жаңа мүмкіндіктері

Еліміз дамудың жаңа кезеңіне бет алған кезде Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жергілікті атқарушы және орталық орындаушы органдарына мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдірудің жаңа тетіктерін енгізуде. Өйткені мемлекеттік басқаруды дамыудың 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында ұзақ мерзімдік басымдықтардың бірі – кәсіби мемлекет құру. Мемлекеттік қызмет халықтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға, яғни жергілікті жерде тұрғындардың өмір сүру деңгейін жақсартуға, олардың талабы мен мақсаттарының орындалуына мүмкіндік жасауға міндетті мемлекеттік жүйе.

Кез келген мемлекеттік органның кәсіби сапасы, басқарудың заманауи әдіс-тәсілдерін қолдануы, міндеттерді іске асыру мемлекеттік қызметкердің білімі мен білігіне тікелей байланысты. Елімізде жас мамандардың мемлекеттік қызметке орналасуы

ерекше маңызды мәселе екені белгілі. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік қызметке орналасуға артық кедергілерді жою және мемлекеттік қызметтен шығу тәртібін жеңілдетуді тапсырған болатын. Осыған байланысты «Мемлекеттік қызмет туралы» заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Биылдан бастап мемлекеттік грантпен оқу орындарын үздік аяқтаған түлектер аудан мен ауылдарда төменгі лауазымдарға конкурстық іріктеусіз тікелей тағайындалады. Мемлекетіміз жас мамандардың мемлекеттік қызметке орналасып, тәжірибе жинақтауына кең мүмкіндіктер беріп отыр.

ҚазҰУ Экономика және бизнес жоғары мектебінің профессорлық-оқытушылық құрамы мемлекеттік органдар, бизнес және ұлттық экономика салалары үшін кәсіби басқарушы кадрларды даярлауда көшбасшы екені рас. Менеджмент кафедрасында үш деңгейдегі даярланып жатқан «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтарының мақсаты кең ауқымды аналитикалық және практикалық дағдылары бар бәсекеге қабілетті жоғары білікті мемлекеттік және жергілікті басқару менеджерлерін даярлау болып отыр. «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтарының білім беру бағдарламаларының негізі – әлемдік тәжірибе мен мемлекеттік және жергілікті басқару саласындағы кәсіби мамандарды даярлаудың үздік отандық дәстүрінің синтезі.

Бүгінде бәсекеге қабілетті



«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтарын даярлауға оқу орнының деңгейі жоғары болуына және студенттердің жан-жақты білім алуына отандық және шетелдік ғалымдар тер төгуде. Алыс шетелдердің университеттерімен: АҚШ, Индонезия, Испания, Италия, Малайзия, Нидерланды, Польша, Португалия, Түркия, Ұлыбритания, Финляндия, Франция, Чехия, сонымен қатар жақын шетелдердің: Өзбекстан, Ресей (Белгород, МГИМО, Оңтүстік-Орал, Пенза, РУДН, РЭУ), Түрікменстан, Украина жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық меморандумға қол қойылып, 35 шетелдік ғалыммен ғылыми жұмыстар атқарылуда. Оқу бағдарламалары да үнемі жетілдіріліп, жұмыс берушілердің талаптары мен ұсыныстары ескерілуде.

Университет деңгейінде жоғары білікті кадрларды даярлаудың үздік отандық дәстүріне сүйене отырып, факультет мемлекеттік қызмет үшін кадрлар даярлаудың әлемдік жетекші орталықтарының стандарттарына сәйкес, студенттердің құзыреттілігін қалыптастыруға ұмтылуда. Сондай-ақ стратегиялық міндетті жаңа үлгідегі саяси элитаны дайындауда академиялық білім сапасы тұрғысынан да, оның құндылық бағдарлары тұрғысынан да көреді. Әрине, ар-намыс, мемлекет мүддесі алдыңғы орында тұрады. Бакалавриат бағдарламалары шеңберінде кәсіптік оқыту студенттерге отандық және шетелдік мемлекеттік басқару, сондай-ақ басқару тәжірибесі саласында арнайы білім беруді қамтиды. Бакалавриаттағы білім іргелі ғылыми пәндерді терең меңгеруге

ғана емес, сонымен бірге топта жұмыс істеу дағдыларын, оның ішінде көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға, мақсат қою және оған жетудің әдіс-тәсілдері арқылы заманауи тиімді құралдарын табу қабілетін дамытуға бағытталған. Кафедраның білім беру бағдарламаларының ерекшелігі – бірқатар оқу пәндері ағылшын тілінде оқытылады. Бакалавриат, магистратура, докторантураның білім беру бағдарламалары стратегиялық басымдықтарға және мемлекеттік басқару тәжірибесінің қажеттіліктеріне, жұмыс берушілердің талабы, сұранысы, мақсаттарына сәйкес үнемі жетілдіріледі.

Мемлекетіміз Менеджмент кафедрасында үш деңгейдегі даярланып жатқан «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтарын бітіруші түлектерімізге ауқымды мүмкіндіктер беріп отыр. Ол – жас мамандардың 17 облыстың 164 ауданындағы 6300 ауылдық аймаққа оралуына, өңірлерде кадр тапшылығын азайтуға және мемлекеттік қызметке орналасып, тәжірибе жинау. Биыл «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтарын үздік бітіретін түлектеріміз осы жеңілдіктер негізінде жұмысқа орналаса алады.

**Оңалбек АБРАЛИЕВ,**  
Менеджмент кафедрасының профессоры, экономика ғылымының докторы

Ұрпақ тәрбиесін қай заманда да көзден таса, көңілден қағаберіс қалдыруға болмайды. Бүгінгі бала ертеңгі дара тұлға. Бұл туралы Алаштың арда ұлы Ахмет Байтұрсынұлы «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деп өсиет айтқан еді. Адамзат пайда болғалы бері жас ұрпақты тәрбиелеу ісі адам алдында тұрған міндеттердің ішінде басты орын алады. ҚазҰУ-дың кураторлық қызметі де осыған негізделген. Студенттердің ұлтты жақсы көру қасиетін дамыту мақсатында келелі іс-шаралар жиі ұйымдастырылып тұрады. Жастарды ұлтқа қызмет етуге тәрбиелеу үшін рухани байлығымыз – тіліміз, дініміз, салт-дәстүріміз, тарихымыз, одан басқа да құндылықтарымыз жетерлік.

Осы орайда, білім алушыларды тарихи деректермен ақпараттандыру, ұлтты сүйуді дамыту мақ-

сатында Экономика және бизнес жоғары мектебі Қаржы және есеп кафедрасының ұйымдастыруымен алаштанушы-ғалым, балалар жазушысы, әдебиет сыншысы, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Елдос Тоқтарбайдың «Ұлтты сүйу формуласы» тақырыбындағы қоғамдық дәрісі студенттердің ерекше қызығушылығы, қызу талқылауымен жоғары деңгейде өткізілді. Ізденуші жас ғалым Елдос Тоқтарбай: «Жер бетіне сүймей кеткен Алаш арыстарын кеудеме сыйдырып, жүрегіме жерледім», – дейді. 24 жасында «Дарын» сыйлығының иегері атанып, 25 жасында 9 кітаптың авторы болған Елдос Тоқтарбайдың дәрісін тыңдап отырып, дәл алдымызда Алаш арыстарының өзі отырғандай, сол Ахмет Байтұрсынұлов пен Міржақып Дулатов өзі дәріс оқып тұрғандай тамаша сезімде болдық. Осы кездесудің өтуіне мұрындық болған Қаржы және есеп кафедрасының PhD, қауымдастырылған профессоры, асылдың сынығы, тектінің ұрпағы Райгүл Дүкенбайқызына алғысымызды білдіреміз.

Ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл кейпі мен болмысы, өз халқына

## Ұлтты сүйу формуласы



деген сүйіспеншілігі, шыққан тегі, территориясы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктері қалыптасқан ерекше қасиет.

Өткен тарихымызды ұмытпай, бүгінгі кезеңмен байланыстыра білсек, біздің ұтарымыз көп. Ең алдымен балабақшадан бастап, университет қабырғасында да жастарға ұлтжандылық, отансүйгіштік, бауырмалдық, достық сезімдерін түсіндіріп, оларды ұлт-

тық қасиеттерге баулу әрбір оқытушының ғана емес, ата-ананың да адамдық парызы деп білеміз. Заманымыздың заңғар жазушысы Ғабиден Мұстафин «Енді ұлтшылдықпен емес, ұлтсыздықпен күресетін боласыңдар» деп айтқан өсиетін естен шығармаған абзал.

Ұлтжандылық, отансүйгіштік – әрбір адамға керек қасиет. Адам бойында бұл қасиеттер болмаса, елінің азаматы, өз халқының адал ұлы мен қызы болу


мүмкін емес. «Ата-бабамыздың аманатына қиянат жасамай, әрқайсымыз ұлтқа адал қызмет етіп, ұлтты сүйу формуласын, яғни тіл мен ділді, салт-дәстүрді сүйуге міндеттіміз», – дейді ізденімпаз ғалым Елдос Тоқтарбай.

**Гүлназым СҰПЫҒАЛИЕВА,**  
**Әлия ТҰРМАХАНБЕТОВА,**

Қаржы және есеп кафедрасының аға оқытушылары

# Қысқы мектеп мазмұнды өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Ыстамбұл университеті арасында жасалған меморандум аясында шығыстану факультеті ТҮРКСОЙ кафедрасының ұйымдастыруымен Ыстамбұл университеті Түркітану ғылыми-зерттеу институтының докторанттары мен магистранттарына «Қазақстан мен Түркия Республикаларының дипломатиялық қарым-қатынастарына – 30 жыл» тақырыбында онлайн форматта қысқы мектеп шарасы өтті.



Этно-мәдени жақындыққа және практикалық мүдделерге сүйене отырып, Қазақстан өтпелі кезеңнің бірінші кезеңінде түркі даму моделіне назар аударды. Түркия өз кезегінде тәуелсіз Қазақстанды халықаралық аренадағы әлеуеті аса маңызды өңірлік серіктесі ретінде қарастырды. 1992 жылы негізі қаланған дипломатиялық қатынас негізінде екі ел арасында ғылым, білім, сауда, әскери, экономикалық және мәдени салаларда екіжақты байланыстар орнатылып, бүгінде бауырлас елдер бір-бірінің стратегиялық мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып отыр.

Магистранттар мен докторанттарға арналған бұл іс-шара осыған дейін жалғасып келе жатқан Қазақстан-Түркия арасындағы білім және ғылым кеңістігіндегі ортақ ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалғасы болып саналады. Қысқы мектепке тыңдаушы ретінде 20-дан астам түркиялық докторант пен магистрант қатысты. Дәрістер өзекті тақырыптар бойынша PhD, аға оқытушы Ильяс Нұраттың модератор болуымен түрік және қазақ тілдерінде өтті.

Шығыстану факультеті ТҮРКСОЙ кафедрасының оқытушы-профессор құрамы, атап айтқанда, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Мырзахан Егембердиев «Қазақстан және түркі әлемі», магистр, аға оқытушы Күлжан Бекенқызы «Қазақстан мен Түркия дипломатиялық қарым-қатынастары: тарихы, бүгінгі және ке-

лешегі», PhD, аға оқытушы Еркінай Оңғарова «Қазақстанның сыртқы саясатындағы Түркия», PhD, аға оқытушы Ильяс Нұрат «Шығыс Түркістан мәселесі және түркі әлемі», магистр Ескер Молдабек «Түркия мен Қазақстанның білім саласындағы ынтымақтастығы», PhD докторы, доцент м.а. Ержан Қуанышбаев «Қазақ әліппесінің латынға өтудегі маңызы», аға оқытушы, магистр Гүлзада Теменова «Қазақстанда түрік тілін оқыту мәселесі», аға оқытушы, магистр Айым Назарова «Түрік тілі грамматикасын оқыту әдістері», аға оқытушы, магистр Жеңісбек Абелдаев «Қазақстанда түрік әдебиетін оқыту әдістемесі», сондай-ақ «Қазақ және түрік фразеологиясындағы түр-түс атаулары» тақырыптарында дәріс оқылды.

Қысқы мектеп тыңдаушылары мен дәріскерлеріне сертификат табысталды. Тыңдаушылар қысқы мектептің мазмұнды өткенін, өте маңызды ақпараттар алғанын, курсқа қызығушылық танытып жатқан білімгерлердің көп екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ қысқы мектеп жалғасын тапса деген ізгі тілектерін айтып, Түркияның әлеуметтік желілерінде аталған іс-шара жайында жазбаларымен бөлісті.

**Алтыншаш ҚҰРМАНӘЛІ,**  
PhD, қауымдастырылған профессор

**Күлжан ЖАНАТАЕВА,**  
аға оқытушы

Болашақ мамандықты таңдау – әр адамның өміріндегі өте маңызды және жауапты қадам. Мамандықты қалай таңдау керек? Жастар мамандықты таңдау барысында сұранысқа ие және еңбекақысы жоғары кәсіп түрлерін қарастырып жатады. Бұл қаншалықты дұрыс? Адам келешек кәсібін таңдаған кезде екі маңызды мәселені ескергені жөн сияқты.

## Оқушылармен онлайн кездесу

Біріншіден, өзінің қолынан келетін, шеберлікпен орындай алатын кәсіп түрін қарастырғаны, ал екіншіден, өзі шынайы ұнататын мамандықты таңдап алғаны дұрыс десек қателеспейміз. Өйткені адам жан дүниесінің қалауына сай келетін салада ғана табысқа жетеді, жоғары белестерді бағындырады. Сондықтан мамандық таңдауда адам ең алдымен өзінің қабілеті мен қызығушылығын анықтап алғаны жөн. Сондай-ақ қалайтын мамандығы бойынша білім беретін жоғары оқу орындары туралы толыққанды ақпарат алуы да маңызды. ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде жыл сайын Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі жалпы білім беретін орта мектептер мен гимназиялардың түлектерімен кәсіби бағыт-бағдар беру жұмыстарын жүргізу мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады.

Қалыптасқан дәстүрге сәйкес, ҚР жалпы білім беретін орта мектептері мен гимназияларының түлектерімен профориентациялық мазмұндағы арнайы онлайн-конференция өтті. Басты мақсат – мектеп түлектеріне мамандықты таңдауға кәсіби бағыт-бағдар беру әрі олардың келешек мамандықтары жөнінде білімдерін арттыру. Онлайн кездесу бары-

сында факультет деканы, деканның оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері, аға әд-вайзер, кәсіби бағыт-бағдар беру ісіне жауапты оқытушылар мектеп түлектеріне факультеттегі кафедралар, білім беру бағдарламалары, шетелде білім алу және болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндіктері жөнінде толыққанды ақпарат берді.

Онлайн кездесуге Алматы, Түркістан, Қарағанды облыстарының 20-ға жуық жалпы білім беретін орта мектептерінің жоғары сынып оқушылары қатысты. Ал факультет студенттері мен магистранттары университеттегі оқу үдерісі мен өздерінің студенттік өмірінің қыр-сыры туралы баяндады. Студенттер оқушыларға өз презентацияларын көрсетті, жеке мұрағатындағы фотосуреттерін көпшілік назарына ұсынды. Конференция соңында мектеп оқушылары ЖОО оқытушылары мен студенттеріне көкейдегі сұрағын қойып, онлайн кездесуге барынша қызығушылық танытып отырды. Іс-шара жоғары мазмұндық деңгейде өтті.

**Шынар САУДАНБЕКОВА,**  
**Гүлмира ТАЗАБЕКОВА,**  
шығыстану факультетінің аға оқытушылары

Жоғары оқу орындарында теория мен тәжірибені ұштастырып оқыту студенттің кәсіби ортаға жылдам бейімделуіне оң ықпалын тигізеді. Сондықтан болашақ маман даярлауда өндірістік тәжірибенің маңызы зор. Тәжірибеге бағытталған оқытудың мәні – оқу процесінің траекториясының құрылуына байланысты. Себебі бұл білім мен кәсіби-қолданбалы дайындықтың жиынтығы. Сондай-ақ білім мен өндірістік талаптар арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған демократиялық реформалар шеңберінде ғылыми әлеуетті дамыту, ғылыми кадрларды даярлау және жаңа ғылыми технологияларды қоғам өміріне енгізу сияқты мақсат-мұратты алға қойған ғылыми ұйымдар белсенді дамып келеді.

Өткен жылы Ғылым және жоғары білім министрлігі құрылған болатын, ол белсенді жұмыс істеуде.

2020 жылы ҚР Ұлттық заң академиясы құрылды. Бұл академия елдің саяси және құқықтық өміріне араласу мақсатында кәсіби заңгерлердің, ғалымдардың, практиктердің басын біріктіреді.

Академияның мақсаты – Қазақстан Республикасының экономикалық, әлеуметтік, мемлекеттік-құқықтық және мәдени дамуын қамтамасыз ету үшін аса маңызды және болашағы бар ғылыми-зерттеулер мен ғылыми-техникалық әзірлеу жұмыстарын жүзеге асыру. Академия құра-

## Заң академиясының академигі атанды



мында 33 академик және екі корреспондент-мүше бар.

ҚР Ұлттық заң академиясының президенті – заң ғылымының кандидаты, профессор Бақытжан Қуандықов.

Заң ғылымы мен заң білімін дамытуға сіңірген зор еңбегі үшін заң факультетінің деканы, заң ғылымының докторы, профессор

Дәулет Байделдиновке ҚР Ұлттық заң академиясының академигі атағы берілді.

Профессор Дәулет Лайықұлын академик атауымен шын жүректен құттықтап, деніне саулық, отбасына амандық тілейміз.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің ұжымы**

## Маман даярлауда өндірістік тәжірибенің маңызы зор

Жоғары оқу орындарындағы жүйе оқу процесін ғылым, техника саласындағы жетістіктермен толықтыруға және осының негізінде қоғам мен өндірістің қазіргі дамуына қарай мамандарды даярлауға бағытталған. Қазіргі мамандардан дұрыс шешім қабылдау және мәселенің мәнін ашу қабілеттілігі талап етіледі.

Тәжірибеге бағыттау мақсатында оқыту студенттің кәсіби құзыреттілігін арттыра отырып, оқу барысында шынайы практикаға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мақсат – студенттің заман талабына сай жұмыс істеуін қалыптастыру. Теория түрінде алған білімін практикада қолдана алады. Сонымен қатар кері байланыс алуға, яғни практикадан өткен ұйымнан студенттің білім сапасы, маман ретінде кемшіліктері жайлы ақпарат алуға болады.

Өндірісте жинақтаған практикалық дағдының студенттің болашақта білікті, білімді маман бо-



лып қалыптасуына әсері зор. Мысалы, Ақсай қаласында орналасқан «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясында студенттер кен орнын өндірудегі ең озық технологиялармен жете танысты.

**Назым СМАҒҰЛОВА,**  
Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының доценті, х.ғ.к.

# Учитель жизни

Становление и развитие направления «механика жидкости и газа» на механико-математическом факультете, да и в Казахстане в целом, тесно связано с именем академика, доктора технических наук, профессора Шахбаз Алимгиреевича Ершина. Ш.А.Ершин является учеником замечательного, и как ученого, и как человека, гидромеханика-теплофизика, ленинградского профессора Л.А.Вулиса, который, работая в Казахстане в 1950-1960 годах, вырастил целую плеяду известных ученых, таких как В.П.Кашкаров, Л.П.Ярин, А.Т.Лукьянов, Б.П.Устименко, С.И.Исатаев, З.Б.Сакипов, К.Е.Джаугаштин и многие другие.

механиками из разных научных центров СССР.

Отличительной чертой исследований, проводимых гидромеханиками кафедры, привитой Шахбаз Алимгиреевичем, была тесная связь фундаментальных исследований с прикладными задачами, математики с физикой. При этом он ставил интересные фундаментальные задачи, обязательно имеющие прикладное значение. Благодаря накопленным знаниям и навыкам, приобретенным при выполнении этих работ, гидромеханика кафедры механики сплошной среды и, позже, механики, относительно легко пережили сложные в финансовом отношении 90-ые годы. В рамках прикладных исследований для МОН РК проводились работы по созданию нового типа ветротурбины и термомеханического способа извлечения разлитой при добыче нефти. При финансировании Германского министерства науки и технологии и Японского правительства проводились исследования реагирующих медленных течений, 1996-2000 гг. В дальнейшем три проекта кафедры – «Исследование рабочего процесса гиперзвуковых прямооточных воздушно-реактивных двигателей применительно к созданию перспективных воздушно-космических самолетов, 1998-2001 гг. Научн. рук. – Ш.А.Ершин», «Установка по сбору и переработке нефтешлама, 2000-2003 гг. Научн. рук. – Ш.А.Ершин» и «Разработка технологии керамических изделий из оксида бериллия методом литья с применением ультразвукового воздействия, 2003-2006 гг. Научн. рук. – У.К.Жапбасбаев» – получили солидное финансирование Международного научно-технического центра.

Шахбаз Алимгиреевич Ершин – прошел путь от студента до профессора, руководителя Научной школы, председателя Диссертационного совета. На протяжении 25 лет заведовал кафедрой механики сплошной среды механико-математического факультета КазНУ имени Аль-Фараби. Доктор технических наук, профессор, академик НАН РК, Почетный заведующий кафедрой КазНУ им. Аль-Фараби, заслуженный деятель науки Казахской ССР, лауреат 1-ой премии им. К.И.Сатпаева, Почетный инженер Казахстана. Награжден золотой медалью «Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуына қосқан айрықша үлесі үшін», золотой медалью «Инженерная слава» за выдающийся вклад в развитие инженерного дела РК.

Для многих поколений студентов мехмата – учитель жизни!

**Айдархан КАЛТАЕВ,**  
д.ф.-м.н., профессор  
кафедры механики КазНУ

Недавно на факультете востоковедения прошло очередное заседание Совета работодателей факультета. На повестке дня рассматривались вопросы о сотрудничестве в подготовке конкурентноспособных специалистов. На заседании участвовали представители руководства факультета, координаторы образовательных программ факультета (была представлена руководителем Ph.D Абаган А.Б. Образовательная программа специальности «Переводческое дело: восточные языки») и представители организаций из числа работодателей.

## Сотрудничество с работодателями набирает обороты

Среди участников выступили бизнесмены Исламской Республики Иран в Казахстане: Мохаммад Реза Алиаглиян (ТОО КазИрАгро), Ариан Джавидан (ТОО Емпая фуд), Мохаммад Азизи (CIS Gateinc), Сейед Мехди Мусави (ТОО ШААТ(Чаат), Сейед Али Хашеми (Corper kz info). Бизнес структуры Китая в Казахстане представили: Ян Сяогуан – главный операционный директор АО «Торгово-промышленный банк Китая в г.Алматы», Толендиева Мерuert – заместитель начальника отдела управления персоналом АО «Торгово-промышленный банк Китая в г.Алматы», Тауасаров Ж.Ж. – начальник отдела МГ ТОО «Газопровод Бейнеу-Шымкент». Корейские организации на казахстанском рынке труда представила главный специалист Корейского образовательного центра при Посольстве Республики Корея в Республике Казахстан Амирбек Назерке. Кроме того, среди приглашенных работодателей были представители казахстанского среднего и мелкого бизнеса: Аманжол Жулдыз – директор Департамента управления персоналом и вспомогательных услуг «KZI Bank», Стадниченко Алёна Николаевна – директор ТОО «Leela Internationals (Лила Интернешнлс)».

В ходе заседания работодателей

ознакомили с основными образовательными программами, более подробно была рассмотрена специальность переводчика с восточных языков. Факультет востоковедения предложил другие направления сотрудничества, как вопросы их участия в учебном процессе и привлечения в подготовке дипломных проектов. Кроме того, было предложено участие в процедурах оценивания результатов обучения на этапе итоговой аттестации (ГЭК). В свою очередь, представители работодателей выразили готовность к сотрудничеству и внесли свои предложения.

По окончании заседания были достигнуты договоренности по нескольким направлениям сотрудничества: заключение договоров о производственной практике, о трудоустройстве, согласование программ в образовательной сфере (курсы работодателей и участие в оценивании результатов обучения (ГЭК), научно-исследовательская сфера (совместная разработка тематики дипломных проектов), а также социальное партнерство. Сотрудничество с организациями из числа работодателей факультета востоковедения набирает обороты.

**Каиржан ТУРЕЖАНОВ**

В физико-техническом факультете КазНУ прошла встреча студентов 2-го курса (специальности – «Ядерная физика», «Ядерная медицина») с деканом, ассоциированным профессором Нурзадой Бейсен. На встрече были подняты вопросы будущей научной деятельности студентов и привлечение в научные проекты, в связи присвоением статуса исследовательского университета. А также подводились итоги зимнего семестра и их нынешней успеваемости, обсуждался кодекс чести студентов, их права и обязанности. Отдельные статьи были проговорены вместе со студентами. Проведена беседа об участии студентов в спортивных и культурно-массовых мероприятиях и различных волонтерских движениях.

## Обсудили итоги зимнего семестра



Академическая мобильность является одним из стратегических направлений развития КазНУ им. Аль-Фараби, поэтому университет успешно реализует программы внешней академической мобильности. Программа академической мобильности МОН РК предоставляет возможность обучающимся пройти семестр в зарубежном ВУЗе. В связи с этим обсуждались возможные стажировки по программе академической мобильности в университетах, входящих в топ QS 300. Обсуждались вопросы переоборудования лабораторий, в том числе лаборатории общего физпрактикума. Так же подняты проблемы ремонта и условий в общежитиях. Отдельное место в собрании уделено рассмотрению жилищных условий в доме

студентов, в связи с аномалией погодных условий.

Поднят вопрос о распределении грантовых мест среди учащихся на платном отделении, способах повышения стипендии, а также политика борьбы с пропусками и повышению GPA учащихся. В ходе обсуждений студенты и преподаватели достигли единого мнения в решении многих проблем. Студенты делились мнениями и высказывали предложения по поводу улучшения качества получаемого образования, условий проживания в общежитии.

**Фарида БЕЛИСАРОВА,**  
к.ф.-м.н., доцент  
**Ангелина КАРПОВИЧ,**  
студентка 2-го курса

# Тарихи музей тағылымы

ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультетінің «Жерге орналас-тыру» мамандығының 4-курс студенттері «Алматы қаласының тарихы» музейін тамашалады.



Студенттер музейдің «Алматының ежелгі және ортағасырлық тарихы», «Жетісу этнографиясы», «Алматы тарихының Верный кезеңі», «Алматы ХХ ғасырда», «Кәсіби өнердің дамуы», «Желтоқсан», «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» т.б. бөлімдерін аралап, ондағы мол құнды жәдігерлермен танысты. Сөйтіп, Алматы қаласының тарихи қалыптасуы, дамуы, негізгі тарихи кезеңдері жайлы, қала-сәулет құрылысы т.б. мәліметтерге қанығып, рухани күш-қуат жиып қайтты.

Сонымен қатар оқу тобының студенттері аталған му-

зейдің уақытша көрмелер залында, Ұлы Отан соғысының ардагері, халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың 100 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Өмір өрнектері» көрмесін тамашалап, ерекше әсер алды. Көрмеде жазушының отбасылық фотосуреттері, жеке құжаттары мен заттары, көрнекті жазушылардың, мәдениет қайраткерлерінің қолтаңбалары, Алматы қаласының тарихи музей қорынан алынған кітап-

тары жайлы ақпараттар бар екен. Соның ішінде қалың көпшілікке танымал «Махаббат қызық мол жылдар» романы және «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогі жөніндегі мәліметтер студенттерді ерекше таңдандырып, жазушының кейбір кітаптары украин, чех, орыс, қырғыз, өзбек, тәжік, молдован, татар, якут тілдеріне тәржімаланғаны да қызықтырды.

Жастардың рухани дамуына ықпалды іс-шараны ұйымдастырған музейдің ғылыми қызметкері Г.Білелова мен экскурсовод Ә.Сұлтановаларға студент жастар алғыс айтып, музейге болашақта отбасымен, достарымен келуге ықыласын білдірді.

**Өкетай САҒЫМБАЙ,**  
4-курс студенттері  
«Жерге орналастыру»  
мамандығының куратор-  
эдвайзері, г.ғ.к.



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАҢ!

«QAZAQ  
UNIVERSITETI»

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: 64787

- «Qazaq universiteti» газеті – 75 жылға жуық тарихы бар іргелі басылым.
- Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлемінде таратылады.
- Басылымда елдегі және университеттегі айтулы жаңалықтар қамтылады.
- «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақалаңызды ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.
- Егер сіз әлеуметтік осал топтағы студенттерге «Qazaq universiteti» газетін жаздырып, рухани қолдау білдіргіңіз келсе, Haluk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасай аласыз.
- Ол үшін Haluk bank қосымшасы арқылы QR-кодты суретке түсіріп, белгілеу (назначение) бөлімінен «Qazaq universiteti» газетіне жазылу» деген бөлікті толтыру керек.
- Ал республика көлеміндегі оқырмандар үшін «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері қызмет көрсетеді.



«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1853,22 теңге	1743,57 теңге
12 айға	3706,44 теңге	3487,14 теңге

Ғылым және жоғары білім саласындағы жаңалықтармен танысқыңыз келсе,  
«QAZAQ UNIVERSITETI»  
газетіне жазылуды ұмытпаңыз!

Тарату бөлімінің байланыс телефоны: 377-32-86, ішкі: 1486  
+7 747 325 6874

# Шетелдік студенттер Медеуді тамашалады

Дені сау ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі маңызды міндеттердің бірі. Көрнекті табиғат аясына жиі саяхат жасау көтеріңкі көңіл күй мен денсаулыққа пайдасы зор. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті «Салауаттылық – өмір негізі» жобасы аясында шетелдік студенттерге Медеу мұзайдынына саяхат ұйымдастырды.



Шетелдік студенттер Медеу спорткешенінің мұзайдынында серуендеп, коньки теуіп, шатқал-

дағы баспалдақты жүріп өтті. Сондай-ақ студенттер «Салауаттылық – өмір негізі» жобасы аясында ұйымдастырылған рухани-таным-

дық іс-шара барысында әсем табиғатты тамашалады. Қоршаған ортаның көз тартар кереметінің куәсі болды.

Олар Медеу спорткешенінің тарихымен танысты. 1983 жылдан бері мұзайдында түрлі спорт түрінен халықаралық

жарыстар өтіп, дүниежүзілік және ұлттық рекордтар жасалатыны туралы естіп білді. Ал жарыс өтпейтін күндері қалалықтар, қала қонақтары мен туристер Алматыға арнайы Медеу үшін келетінінен хабардар болды. Мұнда коньки, тау шаңғысы, шана спортынан басқа, альпинизм де жақсы дамығаны жайлы мәліметтермен қанықты.

Медеу мұзайдынына алғаш келген студенттер ауаның тазалығы мен табиғаттың әсемдігіне таңырқап, мұндағы судың да дәмі ерекше екенін айтты. Дәстүр бойынша студенттер естелікке әрі факультет мұражайына қою үшін фотосуретке түсті.

**Гүлнәзира МУЖИГОВА,**  
**Жібек ИБРАИМОВА,**  
жоғары оқу орнына  
дейінгі білім беру  
факультетінің оқытушылары

## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар  
департаментінің директоры  
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ  
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,  
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

## МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: [kaznugazeta@gmail.com](mailto:kaznugazeta@gmail.com)
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.